



ПРИОЗЕРСКИЙ

№10/498

10 марта 2017 года

Вестник

Әйелдердің халықаралық күні аталып өтті

ӘЙЕЛ-АНАЛАР – АРДАҒЫМЫЗ!

Өткен дүйсенбі күні «Достық» БЖШ орталығында қала тұрғындарының, мекеме, кәсіпорын, ұйымдар мен білім беру мекемелері ұжымдарының басын қосқан, 8-наурыз – әйелдердің халықаралық мерекесіне арналған салтанатты жиын өтті. Жадырай кіретін көктеммен бірге жыл айналып келіп тұратын мерейлі мерекеге жыйылған қала тұрғындарының көңілдері көтеріңкі, жүздері жайдары көрінді. Сарай маңында шұқрай табысқан жұрт бір-бірін мерекемен құттықтап жатты. Ауқымы әжептеуір зал бүгін әдеттегіден гөрі

Приозерск қаласы әкімінің Алғыс хатына төмендегі кісілер ие болды: № 1 жалпы білім беру мектебінің вахтері Алтынай Қасымқызы Юлдашева, Татьяна Васильевна Лобачевская, «Айналайын» бөбекжай бақшасының тәрбиешісі Гүлзат Асхарқызы Жетібаева, «Балбөбек» бөбекжай бақшасының тәрбиешісі Кенжетай Темірбекқызы Құрманова, Балқаш ЭЖФ оңтүстік ЭЖ ауданының қоймашысы Лариса Адамовна Даниленко және Приозерск қаласы мемлекеттік архивінің II дәрежелі архивісі Әсел Жалғасбекқызы Абулка-



тарылып кеткендей, қосымша орындықтар қойылғанына қарамастан, лық толы халықтың біразы түрегеп тұрды.

Салтанатты жиынның шымылдығы ашылысымен қала әкімі аналарды, әйелдерді, қыз-келіншектер мен аруларды төл мерекелерімен құттықтады. Бұдан әрі 8-наурыз әйелдер күніне орай көп балалы аналарды және қаламыздың дамып, өркендеуіне өз үлестерін қосып жүрген әйел-аналарды марапаттау рәсімі басталды. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен қала тұрғыны Жанар Тұрар-



қызы Арғынбаева «Күміс алқа» белгісімен марапатталды. Сондай-ақ Приозерск қаласы әкімінің Құрмет грамотасымен КТҮҚҚ басқармасының материалдық есепшісі Юлия Ивановна Шворнева, № 2 орта мектептің математика пәнінің оқытушысы Узулай Бажарханова, қалалық орталық аурухананың соматикалық бөлім мейірбикесі Бақтыгүл Токтарқызы Кушалиева, 44841 әскери бөлімінің әскери қызметісі Гүлмира Нұрлыбайқызы Дінісламовалар марапатталды.

совалар. Көп балалы ана, «Алтын алқа» белгісінің иегері Фарида Кавойевна Якубовская мен «Күміс алқа» иегері Жаңагүл Жұмабайқызы Утебановаға бағалы сыйлықтар табысталды. «Нұр Отан» партиясы қалалық филиалының бағалы сыйлығымен қала тұрғыны Нина Владимировна Познайкина марапатталды.

Приозерск қаласы мәслихатының хатшысы Бекзат Мұқсинұлы Сәрсембеков қаладағы әйел-аналар мен аруларды төл мерекелерімен құттықтады және мәслихат тарапынан марапаттауларын ұсынды.

Салтанатты жиын дәстүрге айналған қалалық «Қанатты әйел» байқауымен жалғасты. Биылғы байқауға қаладағы ұжымдардан алты үміткер қатысты. Олар: № 1 жалпы білім беретін мектептің шаруашылық ісі жөніндегі меңгерушісі Назыгүл Аманқұлқызы Әлтаева, «Балбөбек» бөбекжайының тәрбиешісі Алма Құдайбергекқызы Қалмұрзаева, 44841 әскери бөлімінің механигі Назира Әбдірейімқызы Сәрсенбаева, «Коммуналдық тұрғын үйлерді қайта қалыптастыру басқармасының» хатшы-іс жүргізушісі Эльнура



Әлнұрқызы Жазылбекова, № 2 жалпы білім беретін мектептің тарих пәнінің оқытушысы Мария Баймұратқызы Давлетярова және

леуханұлы Ахметов және жастар ресурстық орталығының директоры Сағымбек Жаңбырбайұлы Бейскеевтер.



Байқауда «Сәлем – сөздің атасы», өзін таныстыра отырып сәлемдесу, «Экспромт», берілген тақырыпқа көпшілік алдында сөз сөйлеп, сөйлеу шеберлігін, шешендігін, сөз қолданысын, ойының жүйелілігін, ұшқырлығын, тіл байлығын, дауыс мәнері мен тіл тазалығын көрсету және «Өнер байқауы», өз өнерлерін көрсету бойынша сайысқа түскен қатысушылар шамашарқынша, хал-қадерінше бақтарын сынасты. Көңілдеріне ұнаған тұстарын көрермендер қол соғып қошеметтеп отырды. Қазылар ал-

«Айналайын» бөбекжайының тәрбиешісі Асель Василийқызы Юсеновалар.

Байқау қатысушыларын бес адамнан құралған қазылар алқасы бағалайтын болды. Төрағасы «Достық» БЖШ орталығы музыка бөлімінің меңгерушісі Ардақ Рымханқызы Ахатаева, қалалық мәслихат депутаты, «Ертай» кен байыту фабрикасының директоры Талғат Әлімжанұлы Қарабалаев, Приозерск қаласы орталық ауруханасының директоры Нұрлан Манапұлы Шагиринов, судан құтқару станциясының бастығы Берік Тө-



қасының берген бағалары бойынша, байқау қортындысында бірінші орынды Эльнура Жазылбекова жеңіп алды. Жүлделі екінші орынның иесі «Кербез әйел» аталымымен Мария Давлетярова болып танылды. Үшінші екі орынды Назгүл Әлтаева (Іскер әйел) мен Асель Юсенова (Сымбатты әйел) өзара бөлісті. Назира Сәрсенбаева (Құпия әйел) мен Алма Құлмұрзаева (Дана әйел) аталымдарына лайық деп танылды.

Салтанатты жиын қатысушыларына және әйел-аналарға арнап «Жұлдыз» би тобы, белгілі әншілер Айғанша Болысова, Талғат Үбісов, Әсет Жолдасбаев және Бақытжан Сайрмановтар ән-биден шашу шашты.

Н.ҚЫДЫРМҰРАТУЛЫ
Суретті түсірген автор

ПРИОЗЕРСКИЕ МАДОННЫ В ПОГОНАХ

Войсковая часть 44841 одна из тех многих в Вооруженных Силах Казахстана, что разбросана по бескрайним просторам Республики. Здесь, наравне с мужчинами служат и женщины. Телеграфисты, телефонистки, делопроизводители... Рядовые, ефрейторы, сержанты, прапорщики. При желании, можно набрать целый взвод из представителей слабого пола. Мы еще познакомимся с некоторыми из них. Но прежде, немного истории.

«Завоевание» женщиной армии началось еще в 19 веке. Во время Отечественной войны 1812 года девица Надежда Дурова, передевшись в мужское платье, отважно сражалась с французами, за что и была зачислена в кавалеристы.

В гражданскую войну женщины опять-таки доказали, что отвага и доблесть-удел не только сильного пола. Они вступили в красноармейские отряды, воевали в пулеметных командах и кавалеристских частях, несли службу в штабах и госпиталях.

Особая страница - 40-е и пороховые годы прошлого столетия. Нашу Великую Победу «приближали как могли» 800 тысяч женщин военнослужащих. Среди них Герои Советского Союза Маншук Маметова, Алия Молдагулова, а также летчица «Халык Кахарманы» Хиуаз Доспанова и наша сегодняшняя землячка Аймереке Кобеева и другие.

... Впрочем, вернемся в день сегодняшний и встретимся с теми, кто предпочел гражданскому платью армейскую форму.

Число женщин-военнослужащих в нашей части составляет 35 человек. Офицерский состав представлен гораздо скромнее одной женщиной. Это старший лейтенант Самал Тюлешева – психолог. Служит в части второй год (перевелась из другой части), хорошая спортсменка. Недавно, она принимала участие в зимней спартакиаде в составе команды Сил Воздушной Обороны по лыжным гонкам. Самал Сыздыковна добилась хороших результатов в соревновании и признания спортивной общественности Вооруженных Сил Республики. Она воспитывает сына Куандык-5 лет. На вопрос, как Вы оцениваете роль женщины военнослужащих в армии, Самал Сыздыковна ответила: «Сегодня мы часто обращаемся к западу. Что-то берем у него на вооружение, что-то отвергаем. Несколько лет назад глава специального комитета по делам женщин бригадный генерал Вильма Во заявила, что действие женщин военнос-

лужащих будут решающим условием успеха в любой будущей войне». Похоже, этот тезис в войсках НАТО воплощается в жизнь. Так, в Вооруженных Силах США женщины обучаются по общей программе с мужчинами. У них лишь скидки на занятиях по физической подготовке. Во французской армии, мужчинам запрещено командовать подразделениями укомплектованными женщинами. В Израиле действует всеобщая воинская обязанность, служат не только юноши, но и девушки. Да, и в нашей армии



присутствие женщин военнослужащих постепенно растет, что свидетельствует о повышении их роли.

Познакомим читателей еще с несколькими представительницами слабого пола в погонах.

В части служат не только молодые девушки, чья армейская биография только начинается. Здесь много и тех, кто уже как говорится, переболел романтикой, имеет не только профессиональный опыт, но и зрелый взгляд на жизнь. Скажем, сержант 3-го класса Улболсын Абилкасова. Она в части с 2000 года, призвалась в состав Вооруженных Сил в 2002 году. Армейскую службу Улболсын Татимовна начала с делопроизводителя строевой части, затем ответ исполнителем и начальником отдела кадров. В настоящее время сержант организационно-плановой службы отдела материально-технического обеспечения части. Специа-

лист второго класса. Замужем, супруг – офицер запаса и они воспитывают – дочку и сына.

Во время нашего разговора Улболсын Абилкасова не раз подчеркивала, как можно больше женщин служили бы в армии. По ее мнению, пользы от женщины больше, нежели от солдата срочной службы. Ведь того нужно научить специальности, а когда вроде научили, ему подходит пора увольняться в запас. А ведь девчонки, с охотой пошли бы на должность, например,

Сержант Оразалина считает, что женщины военнослужащие должны наравне с мужчинами получать военное образование, как это делается в ряде стран мира. Такой подход позволит реализовать в нашей армии принцип равноправия между мужчинами и женщинами. Что это даст? Прежде всего, у них появится возможность сделать карьеру в хорошем смысле этого слова.

Сержант Татьяна Лобачевская призвалась в ряды Вооруженных Сил Республики в 1999 году. Армейскую службу начала в секретный отдел штаба, где по сегодняшний день работает начальником. Специалист второго класса.

На наш вопрос как она относится к тому, чтобы женщины военнослужащие ходили в наряды, караулы? Татьяна Васильевна ответила: «Ходить в наряды, караулы должны все-таки представители сильного пола и если уж уравнивать мужчин и женщин в армии, то только не в этом. К примеру, давать возможность женщинам служить на более ответственных должностях, в том числе и на офицерских, считает сержант Лобачевская.

А как смотрят на «женский» вопрос в армии представители сильного пола? Этот вопрос мы задавали многим офицерам части. Палитра мнений, суждений получилась богатая. Но что характерно, никто из опрошенных не высказался за отлучение женщин от армии. Наоборот, каждый стоял в большей или меньшей степени на том, чтобы прекрасная половина присутствовала в Вооруженных Силах. Например, заместитель командира части по воспитательной и идеологической работе подполковник Сайран Молдабаев считает, «У кого слух тоньше и рука чувствительнее, у кого больше прилежания, ответственности, дисциплинированности? Безусловно, у женщин. Для наших войск они просто незаменимы».

Словом, женщины в армии становятся все более популярной и необходимой фигурой. Можно по разному к этому относиться, но факт остается фактом. Их присутствие положительно сказывается на боеготовности армии. Думается, недалек день, когда появится возможность написать о женщине-генерале в Вооруженных Силах Республики Казахстан.

Муханбедия Сахалов,
Войсковая часть 44841 МО РК.
фото Жарылканулы Б.

Әйелдердің халықаралық күні аталып өтті

ӘСКЕРИ ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТ-КЕРЛЕРІНІҢ ГАРНИЗОНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ САҚТАУ ЖӘНЕ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БАРЫСЫНДА 20 ЖЫЛДА ЖЕТКЕН ЖЕТІСТІКТЕРІ

1997 жылы Әскери полиция органдары құрылғаннан бастап, Приозерск гарнизонда құқықтық тәртіпті сақтау және қамтамасыз ету мақсатында Әскери полиция бөлімімен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша көптеген іс-шаралар атқарылды.

Гарнизонда әскери қызметшілердің жазғы және қысқы уақытта барлық әскери қызметшілерге киім-кешекті ұқыпты киюге және киім кию нысанын бұзбау, әскери тәртіпті сақтау, әскери сәлемдесу, қоғамдық орында құқық бұзушылыққа жол бермеу мақсатында үгіт-насихаттар жүргізіліп тұрады.

20 жылдың ішінде Приозерск гарнизоны Сары-Шаған полигонында жыл сайын әскери оқу-жаттығулар өтуде. Оның ішінде, «Дала қыраны», «Жәрдем - 2016», «Жауынгерлік ынтымақтастық», «Әскери міндеттілердің жиыны» т.б. өткізілген оқу-жаттығулар кезеңінде әскери полиция қызметші-

лері әскери қызметшілер арасында тәртіпті сақталуын, құқық бұзбаушылық, оқу-жаттығу кезінде қоршауды және жергілікті әскери көліктерді ілесіп алып жүруін қамтамасыз етті.

Әрдайым бөлім басшылығымен әскери қызметшілер арасында Отанға деген сүйіспеншілік, отбасына қорған, халқына адал, көмекке мұқтаж жандарға қамқор, мүгедектерге тірек, өскелең ұлағатты тәрбиені бойына сіңдіру мақсатында үгіт-насихат жұмыстары жүргізіліп, дөңгелек үстел, жиындар, тағы басқа да іс-шаралар өткізіліп отырады.

Әскери полиция бөлімінің осы бағыттағы негізгі іс-шараларының бірі – қоғамдық орындарды ластау және қоғамдық тәртіпті бұзу фактілерін болдырмау, алдын алу, құқық бұзушылықты жасауға бейім әскери қызметшілерімен тікелей алдын алу жұмыстары жүйесін қалыптастыру, халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу



болып табылады.

Отан алдында еңбегіміздің елеулі болғаны, біздерді, Приозерск гарнизоны Әскери полиция бөлімінің әскери қызметшілерін одан әрі ынталандырып, жаңа күшжігермен, болашаққа үлкен мақсаттар мен міндеттер қоюымызға үлкен себепші болып отыр.

Елбасымыздың алға қойған міндет-жос-

парларын жүзеге асыру үшін, біз де әрдайым Мемлекетіміздің өркендеп өсуіне ат салысып, өз үлесімізді қосамыз деген ниет білдіреміз!

А. Жаманбаев,
Приозерск гарнизоны Әскери полиция бөлімінің әскери полиция бөлімшесінің сержанты - патруль бастығы
3-сыныпты сержант к/қ



Спорт: мерекелерге арналды

ЖЕҢІМПАЗДАР АНЫҚТАЛДЫ

«Приозерск қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі спорт бөлімінің ұйымдастыруымен үстіміздегі жылдың 4-5 наурыз күндері аралығында «Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығының спорттық залында «ЭКСПО 2017» Бүкіләлемдік көрмесіне және 8-наурыз Халықаралық әйелдер күніне арналған әйелдер командалары арасында «волейбол» спорт түрінен жарыс ұйымдастырылды.

Аталмыш додалы жарысқа қаладан барлығы болып 9 команда, яғни 90 спортшы қатысты. Мекемелер, кәсіпорындар, ұйымдар мен әскери бөлімдерден үкілеп бәйгеге қосқан командалар тыңғылықты дайындықпен келгендіктерін көрсетті. Дегенмен, «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» демекші, мұндайда нағыз мықты қолдарындағы ала доп пен алдарындағы тор арқылы танытады. Тартысты өткен жарыста № 2



ылдаушысы деп Клара Абдишева және жарыстың ең үздік ойыншысы болып Татьяна Рогалева танылды. Барлық жеңімпаз командалар мен спортшылар кубоктармен, марапаттау қағаздарымен, қаржылай және естелік сыйлықтармен марапатталды.

–Жоспарлы жарыстардан өзге бұндай мерекелік спорт шаралары қаламызда жүйелі түрде ұйымдастырылып отырады. Тұрғындардың салауатты өмір салтын жақсартуға аталмыш ішаралардың тигізер әсері ықпалы жетерлік. Спорттық шаралардың ұйымдастырылып, өткізілуіне қолдау көрсететін ұжымдар мен жекелеген азаматтардың ниеттеріне тәнтіміз. Осы өткен жарысқа демеушілік көмектерін көрсеткен қалалық маслихат депутаттарына ризашылық пейілімізді білдіргіміз келеді – дейді спорт бөлімінің бас маманы Бауыржан Дулатов.

НАЛТЫНБАЙҰЛЫ



жалпы білім беру орта мектебінің командасы бірінші орынды талассыз жеңіп алды. Жүлделі екінші орынды 44841 әскери бөлімнің «Тұлпар» командасы еншілесі, үшінші орын 06708 әскери бөлімнің «Қалқан» командасына бұйырды.

Қазылардың бір ауыздан байламы бойынша жарыстың үздік байланыстырушысы болып Сауле Мусина, ал үздік шабу-

Спорт: торжествам посвящается!

ВОЛЕЙБОЛ: ПРАЗДНИЧНЫЙ ТУРНИР

за – командой «Тулпар» (в/ч МО РК 44841) и 3 место заняла команда «Калкан» (в/ч МО РК 06708).

Турнир получился очень динамичным и интересным. Зрители, болельщики команд получили очень яркие впечатления. Лучшим связующим турнира стала Сауле Мусина, лучшим нападаю-



щим была признана – Клара Абдишева и лучшим игроком турнира была признана – Татьяна Рогалева.

Все призеры и номинанты соревнований были награждены кубками, грамотами, денежными и памятными призами. Спонсорами турнира выступили депутаты городского маслихата.

Отдел физической культуры и спорта г.Приозерск

04 – 05 марта 2017 года в спортзале ЦДЮТ «Достық» прошел спортивный турнир по «волейболу» среди женских команд.

Мероприятие было посвящено грядущей Всемирной выставке «ЭКСПО - 2017» и Международному женскому дню.

Всего в соревнованиях приняла участие 9 команд (90 спортсменов). По итогам соревнований позиции команд распределились следующим образом: 1 место заняла – команда ООШ №2, 2 место



Тәрбие тал бесіктен

АНА ТІРШІЛІК ТІРЕГІ

Приозерск қаласының «Балақай» бөбекжайының ортаңғы «Балдырған» тобының тәрбиеші Түлек Е.Б. ұйымдастыруымен «Ана тіршілік тірегі» атты ертеңгілік өткізілді. Ертеңгіліктің өткізу мақсаты: Балаларға 8 - наурыз туралы түсінік беру. Жанұядағы ана мен бала арасындағы қарым – қатынасты нығайту. Анаға деген бала махаббатын ояту. Балаларды мейірімділікке, аналардың өлшеусіз еңбегін баға-

өзін - өзі ұмытып, барлық күш - жігерін перзентіне жұмсайды, ол арқылы оның жаны нұрлана, нәрлене түседі. Ал баланың анаға деген махаббаты жеткіліксіз. Оны барынша құрмет тұтып, қастерлеу әрбір баланың борышы. Ана махаббатын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Біздің бөбекжайдағы бүлдіршіндеріміз Мерей мен Гаухар аналарының өмірде ең қымбат жан екендігін ән арқылы жеткізе алды.



лай білуге, анасын сую арқылы еліне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу болатын.

Баласын көзінің қарашығындай қорғап, аялап өсіріп, аяғынан тік тұрғызатын да ана. Сол себепті ертеңгілігіміздің бастамасын балалар өздерінің аналарына деген махаббаттарын би арқылы бастады. Қолдарына ұстаған шарларын аналарына ризалығы үшін сыйлады. Ана болу - бүкіл өміріне кететін рухани күш пен ерен еңбек. Өз баласын бағып - қағуда ана

Бұл ертеңгілікте біздің ұлдарымыз «Джентельмен» биін билесе, қыздарымыз «Үнді» биін билеп, барлығы бірге қосылып «Ақ мам» әнін шырқап, аналарына дайындаған тақпақтарын айтты. Оларға қонаққа Кәмпит – Ханшайым келді. Балалардың көңіл – күйлерін Кәмпит – Ханшайым неше түрлі өзінің дайындаған тапсырмалары арқылы көтерді. Бұл тапсырмада «Анаға гүл сыйлау», «Өз баланды тап» ойындары ата-аналармен өткізілді. Бала-

ларға арнап Кәмпит – Ханшайымы кішігірім сыйлығын табыстады.

Ертеңгілігіміздің соңында балалар қолдан жасалған сыйлықтарын өз аналарына сыйлап, ертеңгіліктен алған әсерлерін ата – аналарымыз ортаға шығып тәрбиешілеріне өз ризашылықтарын білдіріп жатты. Бұл ертеңгілікте ата – аналар мен балалардың алған әсерлері өте жоғары деңгейде болды. Балалар анасының осы өмірдегі ең қымбат жан екенін, дүниеде ана махаббатынан қасиетті нәрсе жоқ екенін түсіне білді. Осы «Ана тіршілік тірегі» атты ертеңгілікті мен балаларға өзінің анама деген махаббатым арқылы балаларға жеткізе білдім.



Еркемай Түлек, «Приозерск қаласының «Балақай» бөбекжайы» КМҚК-ның тәрбиешісі





ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ «ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ СТАНЦИЯСЫ» ШАРУА ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРНЫҢ БАСШЫСЫ АЗАМАТТЫҚ ҚЫЗМЕТШІ БОС LAУАЗЫМЫНА КОНКУРС ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«Приозерск қаласының ветеринария бөлімі» ММ Приозерск қаласы әкімдігінің «Приозерск қаласы ветеринариялық станциясы» шаруа жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының (әрі - Кәсіпорын) басшысы азаматтық қызметші бос лауазымына конкурс жариялайды.

Конкурс өткізу күні: 2017 жылғы 3 сәуір, өткізу орны: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Пушкин көшесі, 9/2 үй, 2-этаж, «Приозерск қаласының ветеринария бөлімі» ММ, телефон (8-71039) 5-32-45, 5-25-31.

Кәсіпорын қызметінің мәні Қазақстан Республикасы заңының талаптарын орындау, ветеринария саласында қайта құрылу және бір саясатты жүргізу мәселелері бойынша Приозерск қаласы әкімінің өкімдерін орындау, осы салады басым салаларды анықтау болып табылады.

Басшының лауазымдық міндеті: заңнамаларға сәйкес шаруашылық және қаржылық-экономикалық қызметіне басшылық етеді.

Кәсіпорынның мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Пушкин көшесі, 9/2 үй.

Конкурс қатысушыларының біліктілігіне қойылатын талаптар.

Квалификация талаптары: ветеринариялық немесе ветеринарлық медицина мамандығы бойынша жоғары білім және ветеринария саласында басшылық лауазымдағы еңбек өтілі 5 жылдан кем емес.

Мыналарды: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексын, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Қазақстан Республикасындағы Тілдер туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын, сондай-ақ, Кәсіпорынның өндірістік-шаруашылық, қаржы-экономикалық қызметін регламенттейтін, экономика дамуының басым бағыттарын және экономикалық қызметтің тиісті түрін айқындайтын Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық және заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерін; агроөнеркәсіптік кешен және ауыл шаруашылығы саласында қызмет атқаратын Кәсіпорынның өндірістік қызметі мәселелері бойынша басшылық, нормативтік, нұсқаулық және әдістемелік материалдарды; Кәсіпорынның құрылымының мамандануын және ерекшелігін; кірістер мен шығыстардың бюджеттік

сметасын және Кәсіпорынның табыс әкелетін қызметінен алынған қаражат бойынша кірістер мен шығыстар сметасын жасаудың және келісудің тәртібін, Кәсіпорынның шаруашылығын жүргізу және басқару әдістерін, тиісті ауыл шаруашылығының саласының ғылыми жетістіктері мен озық тәжірибесін, еңбек, азаматтық, әкімшілік және қылмыстық заңнама негіздерін, экономика, еңбекті ұйымдастыру және басқару негіздерін; ішкі еңбек тәртібі қағидаларын; еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі қағидаларын білуі тиіс.

Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- 2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;
- 3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;
- 4) білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
- 5) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданғаны және еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың көшірмелері;
- 6) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар және т.с.) бере алады.

Конкурсқа мынадай тұлғалар қабылданбайды:

- 1) он сегіз жасқа толмаған;
- 2) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

Конкурсқа қатысу туралы өтініштерді беру мерзімі: 2017 жылғы 24 наурыз, сағат 18-30 дейін.

ОБЪЯВЛЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ КОНКУРСА НА ЗАНЯТИЕ ВАКАНТНОЙ ДОЛЖНОСТИ ГРАЖДАНСКОГО СЛУЖАЩЕГО РУКОВОДИТЕЛЯ КГП НА ПРАВЕ ХОЗЯЙСТВЕННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ «ПРИОЗЕРСКАЯ ГОРОДСКАЯ ВЕТЕРИНАРНАЯ СТАНЦИЯ» АКИМАТА ГОРОДА ПРИОЗЕРСК

ГУ «Отдел ветеринарии города Приозерск» объявляет конкурс на занятие вакантной должности гражданского служащего руководителя Коммунального государственного предприятия на праве хозяйственной деятельности «Приозерская городская ветеринарная станция» акимата города Приозерск» (далее - Предприятие).

Дата проведения конкурса: 3 апреля 2017 г., место проведения конкурса: Карагандинская область, г. Приозерск, ул. Пушкина, 9/2, телефон (8-710-39) 5-32-45, ГУ «Отдел ветеринарии города Приозерск».

Предметом деятельности Предприятия является реализация требований действующих законодательств в области ветеринарии, актов акима города Приозерск по вопросам формирования и осуществления единой политики в области ветеринарии, определение приоритетных направлений в этой сфере. Функциональные обязанности руководителя: руководит в соответствии с законодательством хозяйственной и финансово-экономической деятельности Предприятия.

Местонахождение Предприятия: Карагандинская область, г. Приозерск, ул. Пушкина, 9/2.

Требования, предъявляемые к участникам конкурса.

Требования к квалификации. Высшее образование по специальности ветеринария или ветеринарная медицина, стаж работы на руководящих должностях в области ветеринарии не менее 5 лет.

Должен знать: Конституцию Республики Казахстан, Экологический кодекс Республики Казахстан, Законы Республики Казахстан «О борьбе с коррупцией», «О языках в Республике Казахстан», а также иные законодательные и подзаконные нормативные правовые акты Республики Казахстан, регламентирующие производственно-хозяйственную и финансово-экономическую деятельность Предприятия и определяющие приоритетные направления развития экономики и соответствующего вида экономической деятельности; руководящие, нормативные, инструктивные и методические материалы по вопросам агропромышленного комплекса и производственной деятельности предприятия сельскохозяйственной сферы деятельности; специализацию и особенности структуры Предприятия, порядок составления и согласования бюджетной сметы доходов и расходов и сметы доходов и расходов по

средствам, полученным от приносящей доход деятельности Предприятия, методы хозяйствования и управления организацией Предприятия, достижения науки и передового опыта в соответствующей отрасли сельского хозяйства, основы трудового, гражданского, административного и уголовного законодательства, основы экономики, организации труда и управления, правила внутреннего трудового распорядка, правила по охране труда и пожарной безопасности.

Лицо, претендующее на участие в конкурсе, представляет в сроки, указанные в объявлении о проведении конкурса, следующие документы:

- 1) заявление об участии в конкурсе;
- 2) резюме на государственном и русском языках;
- 3) автобиографию, изложенную в произвольной форме;
- 4) копии документов об образовании;
- 5) копию трудовой книжки (при ее наличии) или трудового договора, либо выписки из приказов о приеме и прекращении трудового договора с последнего места работы;
- 6) справку о состоянии здоровья по утвержденной форме.

Участник конкурса может представить дополнительную информацию, относительно его образования, стажа работы, уровня профессиональной подготовки (копии документов о повышении квалификации, присвоении ученых степеней и званий, научных публикации, а также рекомендации от руководства с предыдущего места работы и т.п.).

Для участия в конкурсе не принимаются следующие лица:

- 1) моложе восемнадцати лет;
- 2) ранее совершившее коррупционное правонарушение;
- 3) имеющее непогашенную или не снятую в установленном законодательством Республики Казахстан порядке судимость;
- 4) иные случаи, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

Срок представления заявлений об участии в конкурсе 24 марта 2017 г., до 18-30 часов.

Исполняя поручения Президента

ГИК ВЭФ – МЕЖДУНАРОДНЫЙ РЕЙТИНГ ОЦЕНКИ ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ ГОСУДАРСТВ МИРА



25 лет назад Казахстан объявил мировому сообществу о своей Независимости. За 25 лет независимого развития Казахстан вошел в число 50-ти самых развитых стран мира, досрочно реализовал Стратегию-2030, начал реализацию Стратегии-2050, План Нации «100 конкретных шагов: современное государство для всех». Сегодня, перед Казахстаном стоит уже новая задача – войти в 30-ку конкурентоспособных стран мира. Для этого у Казахстана есть все

возможности: большая территория, ресурсы, полезные ископаемые, которые привлекают инвесторов, законодательство, обеспечивающее защиту прав и свобод субъектов бизнеса Казахстана, и интересе иностранного капитала. Впервые подобный целевой индикатор Глава государства применил в послании, озвученном в 2006 году «Стратегия вхождения Казахстана в число 50-ти самых конкурентоспособных стран мира. Казахстан на пороге нового рывка вперед в своем развитии». Оценкой конкурентоспособности разных стран мира на протяжении многих лет занимаются такие организации, как Всемирный экономический форум (WEF/ВЭФ), Между-

народный институт развития менеджмента (IMD), Всемирный банк (World Bank). Ведущим мировым рейтингом конкурентоспособности стран мира является ежегодный доклад ВЭФ «Индекс глобальной конкурентоспособности» (GCI/ГИК). На протяжении более 35 лет Всемирный экономический форум составляет ежегодный рейтинг конкурентоспособности стран, который публикуется в ежегодном Отчете о глобальной конкурентоспособности. Глобальный индекс конкурентоспособности Всемирного экономического форума (ГИК ВЭФ) является одним из авторитетных международных рейтингов и участие в нем является весьма важным, так как он представляет собой независимую оценку экономического развития государств мира. Следует отметить, что количество стран из года в год варьируется. Так в ГИК 2016-2017 количество оцениваемых стран составило 138 (в рейтинге прошлого года 140 стран). При этом критериями участия в рейтинге являются наличие результатов опросных данных и их репрезентативность, а также немаловажным фактором является участие респондентов,

представляющих частный сектор. Казахстан участвует в рейтинге ГИК ВЭФ с 2006 года. За последние пять лет наиболее слабые позиции страны наблюдались в рейтинге ВЭФ 2010, 2011 годов – 72 место. В последующие три года позиции Казахстана улучшились и оставались относительно стабильными – на уровне 50 места. По результатам рейтинга 2015 года Казахстан совершил рывок и занял высокое 42 место, повысив свой рейтинг на 8 пунктов по сравнению с 2014 годом. Однако, 28 сентября 2016 года был опубликован очередной ежегодный отчет о глобальной конкурентоспособности на 2016-2017 годы, согласно которому Казахстан по результатам рейтинга ГИК ВЭФ 2016-2017 занял 53 место, опустившись в рейтинге на 11 пунктов. При этом в рейтинге среди стран СНГ Казахстан пропустил Азербайджан (37-ое место) и Россию (43-е место) оказался на третьем месте.

Б.К. Наумагамбетов,
Приозерск қаласы Әділет басқармасының басшысы



СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

ТЕЛЕФОНЫ ДОВЕРИЯ

“Приозерск қалалық мәслихатының аппараты” мемлекеттік мекемесі сенім телефоны 5-49-16

Мәслихат хатшысы азаматтарды жеке мәселелері бойынша күн сайын, демалыс күндерінен басқа, сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.

Телефон доверия ГУ “Аппарат Приозерского городского маслихата” 5-49-16

Секретарь городского маслихата принимает граждан по личным вопросам ежедневно с 17.00 по 18.00 часов, кроме выходных

“Приозерск қаласы әкім аппараты” ММ сенім телефоны 5-41-53

Азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: Қала әкімі - әр аптаның дүйсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (коммуналдық сала) - әр аптаның сейсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (әлеуметтік сала) - әр аптаның сәрсенбі күні сағат 17.00 ден бастап

Телефон доверия ГУ “Аппарат Аким города Приозерск” 5-41-53

График приема граждан: Аким города - еженедельно по понедельникам с 17.00 часов Заместитель Аким (коммунальная сфера) - еженедельно по вторникам с 17.00 часов Заместитель Аким (социальная сфера) - еженедельно по средам с 17.00 часов.

«Приозерск қаласының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефонының нөмірі: (871039)5-32-45

Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - Әр аптаның дүйсенбі-бейсенбісі сағат 16.00 ден бастап 18.00 дейін

Телефон доверия ГУ «Отдел

ветеринарии города Приозерск», (871039)5-32-45

График приема граждан руководителем отдела – Еженедельно понедельник- четверг с 16.00 до 18.00 часов.

«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-30-82

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - сейсенбі, бейсенбі күндері сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін

Телефон доверия ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск» 5-30-82

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела – по вторникам и четвергам с 17.00 до 18.00 часов

“Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушыларкөлігі және автомобиль жолдары бөлімі” ММ сенім телефоны 5-28-57

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін.

Телефон доверия ГУ “Отдел жилищно - коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Приозерск” 5-28-57

График приема граждан руководителем отдела ежедневно с 17.00 до 18.00 часов.

«Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ

сенім телефоны: 5-32-48

Телефон доверия ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск»: 5-32-48

«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-21-08

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: дүйсенбі, сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00-ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск» 5-21-08.

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела: понедельник, среда, с 17.00 часов до 18.00 часов

“Приозерск қаласының білім бөлімі” ММ сенім телефоны: 5-32-92

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты сәрсенбі күні: 16.00 ден 18.00-ге дейін

Телефон доверия ГУ “Отдел образования города Приозерск” 5-32-92

График приема граждан руководителем отдела вторник: с 16.00 до 18.00 часов

«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ сенім телефоны 5-32-99

Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск» 5-32-99

График приема граждан руководителем

отдела - среда с 17.00 до 18.00 часов

«Приозерск қаласының құрылыс бөлімі» ММ сенім телефоны 5-20-17, 5-32-18.

Бөлімнің басшысының азаматтарды қабылдау кестесі –дүйсенбі – жұма сағат 16.00 ден 18.00 ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел строительства города Приозерск» 5-20-17, 5-32-18.

График приема граждан руководителем отдела - понедельник – пятница с 16.00 до 18.00 часов

«Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ – нің сенім телефоны 5-29-62.

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: сәрсенбі күні: 17.00 ден және жұма күні: 18.00 ден бастап

Телефон доверия ГУ «Отдела физической культуры и спорта города Приозерск» 5-29-62.

Личный прием граждан руководителем отдела: среда с 17.00, Пятница с 18.00 час.

“Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімі” РММ сенім телефоны: 5-32-19, 5-24-87

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00 ден бастап.

Телефон доверия ГУ “Отдел экономики и финансов города Приозерск” 5-32-19, 5-24-87

График приема граждан руководителем отдела - ежедневно с 17.00 часов.

ХАБАРЛАНДЫРУ *** ОБЪЯВЛЕНИЯ

Вниманию граждан!

После смерти Бабажанова Рахмата Мухановича, умершего 07 сентября 2016 года, открыто наследственное дело. Имеющимся наследникам обращаться к нотариусу Ахметову Р.Б., по адресу: г.Приозерск, ул. Кисунько, д. 1 Б, тел. 87751627005

АВТОМОБИЛИ, АВТОЗАПЧАСТИ

Продам

Mitsubishi Space Wagon, 1996 г.в., черный цвет. Объем 2,0. МКПП, электропакет, SRS, круиз-контроль, кондиционер, 5 мест, ТО, налог. телефон: 8777 3656527

Блок-фара на МАЗДА-626 (переходка), левая, бу, телефон: 8707 204 02 60

УСЛУГИ

Натяжные потолки, быстро и качественно. Тел. 87026988613, Мади

ХАБАРЛАНДЫРУ *** ОБЪЯВЛЕНИЯ

УВАЖАЕМЫЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛИ !

Приглашаем Вас принять участие в презентации 2-го направления государственной программы по развитию продуктовой занятости и массового предпринимательства. В рамках 2-го направления предусмотрено предоставление низкопроцентных кредитов. Вас приятно удивят новые условия кредитования, очень приемлимые для ведения и расширения Вашего бизнеса.

Именно для развития массового предпринимательства для нашего города выделены денежные средства, которые мы предлагаем освоить на выгодных для Вас условиях! Мы вас ждём в актовом зале средней общеобразовательной школы № 2, в 16-00 час., 15.03.2017 года.

Презентацию будут проводить специалисты Центра занятости г.Приозерск

Филиал НПП г.Приозерска

МАГАЗИН «МАГНАТ»

(бул.№ 7, Центральный рынок), Приглашает покупателей, желающих приобрести качественный товар по привлекательным ценам! Только самые свежие модели популярных гаджетов, сотовых телефонов и аксессуаров к ним, а также различные электротовары и электроника! Мы работаем с казахстанскими банками и предоставляем товары в кредит! На весь товар имеется гарантия! Принимаем заказы на доставку электроники из Алматы. **Время работы:** пон.-субб.: с 10.30 до 18.00 час. Воскресенье: с 10.30. до 18.00час. **Телефон: 8-701-554-15-54**



ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА»
Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру. Ждем Вас по адресу: ул. Космонавтов, 5-107, телефон: 5-50-81
Время работы: с 10.00 час. до 19.00час. Выходной - Понедельник
На маникюр и педикюр запись по телефону: 8-771-699-32-89

Парикмахерская *Милолика*

Ваша красота -
Наша работа!

СТРИЖКИ - УКЛАДКИ
МАНИКЮР (АКРИЛ, ГЕЛЬ)
ПЕДИКЮР

Собственник: ИП Бухарбаева А.А.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан Свидетельство о постановке на учет СМИ № 15037-Г от 26.12.2014г.
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-107.
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт:** www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15. Заказ № 10/498. Тираж: 500 экз., объем-2 п.л., формат - А2, 8стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области. Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.